



Ақтөбеде «The Planet of ART-2022» Халықаралық Фестивалінің жеңімпаздарын марапаттады

2022 жылдың 23 шілдесінде Ғ. Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясында «The Planet of ART-2022» Халықаралық Фестивалінің музыкалық циклінің ауқымды Гала-концерті өтті. Жоба Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының ұйымдастыруымен, Ақтөбе облысы Әкімдігі, Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық Комиссиясы және Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросының қолдауымен өткізіледі.

Фестиваль Қазақстандағы Балалар жылы аясында және ЮНЕСКО Клубтық қозғалысының 75-жылдығын мерекеленуіне орай, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ға мүшелігіне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған.

Жобаның бас серіктесі дәстүрлі түрде **Еуразиялық Топ (ERG)** болып табылады, сондай-ақ ExxonMobil Kazakhstan, TengriNews, Qazaq Ballet, The Names beauty coworking және т.б.

2022 жылы Фестивальдың Гала-концертіне дейін дәстүрлі өткізілетін 12-17 жас аралығындағы 3000-ға жуық вокалдық, хореографиялық және аспаптық номинация өкілдерінің аймақтық және халықаралық іріктеу кезеңдері өткен болатын. Қазақстанның барлық өңірлерінің жас дарындары мен шетелдік өсіп келе жатқан жұлдыздары «The Planet of ART – 2022» Халықаралық Фестивалінің 38 ең жарқын финалистері ретінде өз шеберлігін көрсетуге айрықша мүмкіндікке ие болды.

Жобаның кең ауқымы, толықтай ақысыз және ашық негізде ұйымдастырылуының нәтижесінде барлық қатысушылар, оның ішінде әлеуметтік қорғалмаған топтардан шыққан балалар мүмкіндіктеріне қарамастан шығармашылық потенциалы мен дарынын паш етуге теңдей мүмкіндік алды.

Іріктеу кезеңінен өткен ең дарынды балаларға Гала-концертке дайындалу мақсатында 8-күндік бағдарлама ұйымдастырылған болатын. Бағдарламаның көп сағаттық репетициялары мен оқу-мәдени бөлігінен басқа Қазақстанның көрнекті өнер өкілдерінің мастер-класстары Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан елдерінің лауреаттарына өзінің кәсіби шеберлігін шыңдап, қорытынды өнер көрсету алдындағы дайындығын толықтай пысықтауға мүмкіндік берді.

Фестивальдың 38 финалистерінен бөлек қатысуға Ақтөбе облысының балалар шығармашылық ұжымдары шақырылған болатын - «Flash» би студиясы және ERG

қолдауымен дамып келе жатқан «Алтын дән» халықтық би ансамблі қатысушылардың конкурстық номерлеріне жағайып өрнегін қосты.

Жобаның барлық финалистері жеңімпаз-лауреаттар ретінде өнер көрсетіп, Ақтөбе облысының әкімдігі атынан құнды сыйлықтар, халықаралық танылған дипломдармен марапаттала отыра, ең бастысы – ұмытылмас әсерлер, жаңа танысулар мен тәжірибе балалардың есінде ұзақ мерзімге қалады.

- Мәдениет – әуел бастан біріктіруші фактор болды. Біздің жобамыздың басты мақсатын орындай отыра – жас дарындарды дамыту, олардың шығармашылық потенциалын жүзеге асыру және халықаралық аренада қазақстандық мәдениетті насихаттау арқылы өз маңыздылығы мен нәтижелігін дәлелдеді. Біздің кәсіби командамыз балаларға өзінің өлшеусіз тәжірибесімен бөлісе алды деп шын жүректен сенемін, - деді **Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының Президенті Болат Оралұлы Ақшолақов**.
- Біз үшін талантты жастарды қолдау әрқашан өте маңызды болды, әсіресе, ауылдық жерлер мен алыс елдімекендерден шыққан балаларға көмек көрсету. Балалар тәжірибе жинағаннан бөлек өздерінің болашағына оң әсерін тигізетін дағдыларын дамыта білді. Әрине, балалардың жанып тұрған бақытты көздерін көруге өте қуаныштымын, бұл жоба әрқайсысына қатты әсер етті деп сенемін, - деді **«ТНК Казхром» АҚ персонал және әлеуметтік мәселелер бойынша операциялық директоры Кенжіғарин Дамир Қуанышұлы, Eurasian Resources Group (ERG) компаниясы, “The Planet of ART – 2022” Фестивалінің бас серіктесі атынан**.
- “The Planet of ART – 2022” Фестиваліне қатысуға мүмкіндік алғанымға шексіз қуаныштымын. Осы 8 күннің ішінде ақкөңіл әрі талантты адамдардың арасындағы айрықша өнер атмосферасында болдым. Алыс ара-қашықтыққа да қарамастан бірге болатын тату отбасыға айналдық.

Қалиева Винера Елтайқызының вокал бойынша сабақтарынан ерекше ләззат алдым. Ол әрі керемет адам, әрі тамаша ұстаз. Оның арқасында музыканың жаңаша қырларын аштым. Бұл менің қалған өміріме жететіндей музыкадағы үлкен тәжірибе мен үшін. Күндер зымырап өтсе де, байқамайтындай болды деп те айта алмаймын. Осы жердегі әрбір сәтті аса ілтипатпен еске алатын боламын. Мен үшін бұл өте қымбат сәттер, - деді **Өзбекстаннан келген Фестивальдің «вокал өнері» номинациясының лауреаты – Мадина Абдурахмонова**.

- Фестивальде қатысқанымға өте қуаныштымын. Ұйымдатырушыларға, мұғалімдеріме, кураторларыма және волонтерлерге алғысымды білдіремін. Осыншама тату ұжымды еш жерде кездестірмедім. Бір аптаның ішінде дос болып қалдық. Қоштасу керектігі өкінішті, бірақ, осы сәттердің естелігі жүрегімді жылытатын болады, - деді **Әлиев Манас, Фестивальдің «аспаптық өнер» номинациясының лауреаты**.

Таза дауыстары, шынайы көздері мен кішіпейіл жүректерінен көрініс алып, бейбітшілік, бірлік және келісім тақырыбына негізделген “The Planet of ART – 2022” Халықаралық Фестивалінің тұжырымдамалық бөлігін айрықша атап өткен дұрыс.

Жобаның бас серіктесі: Еуразиялық Топ

Қолдаушылар: ExxonMobil Kazakhstan, TengriNews ақпараттық порталы, THE NAMES beauty coworking, «Flash» би студиясы, Ғ. Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясы, Ақтөбе қаласындағы Қалалық оқушылар сарайы - ЮНЕСКО Клубы, KEREGE PRODUCTION.

Анықтама үшін:

1947 жылы Жапонияда пайда болған Дүниежүзілік ЮНЕСКО клубтық қозғалысының бөлігі болып табылатын Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы 2009 жылғы сәуірде құрылды және Қазақстан Республикасының өскелең ұрпағын қолдау және дамыту арқылы ЮНЕСКО идеалдары мен құндылықтарын ілгерілету бойынша ауқымды жобаларды жүзеге асыруда.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында 175-ге жуық ЮНЕСКО клубтары жұмыс істейді, олардың мүшелерінің жалпы саны 19000 адамнан асады, олар 17 облыстың 41-ден астам қаласы мен 17 ауылында орналасқан. Ұйым ЮНЕСКО қызметінің үш негізгі бағыттары: шығармашылық білім, мәдени мұра және тұрақты даму аясындағы ірі бағдарламаларды іске асырады.

Қосымша ақпарат алу және БАҚ аккредиттеу үшін:

pr.kazfuca@gmail.com

Сайт: <https://unescoclubs.kz/>

<https://www.instagram.com/unescoclubskz/>

(Фото: «The Planet of ART – 2022» Халықаралық Фестивалінің жеңімпаздары)